

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Есть также несколько особых видов косвенных налогов, например, цена алкогольных напитков включает в себя 44% налог.

Существует местный потребительский налог на проживание в гостиницах и пользование предприятиями общественного питания. Так, в случае, если плата за проживание одного человека в течение суток превышает 10 тыс. иен или если плата с человека за одно посещение ресторана превышает 5 тыс. иен, взимается налог в размере 3%.

За один день посещения горячих источников с человека берут налог в размере 150 иен, а за один день использования поля для игры в гольф - 800 иен. Эти налоги взимаются дополнительно к обычному 3% потребительскому налогу. Владелец автомобиля вынужден платить целую уйму налогов: 3% потребительский налог на покупку и налог на приобретение машины, налоги на бензин, налог на саму автомашину и на ее вес.

Таким образом, резюмируя выше исследованное, следует отметить, что акциз применяется в налогообложении всех стан. Как правило, в перечень подакцизных товаров ходят алкоголь, табак, нефть. Перечень подакцизных товаров зависит от экономических, социальных и национальных особенностей государства.

Список использованных источников:

1. Берстембаева Р.К. Финансовые системы зарубежных государств- Астана, «Самара-Принт», 2009-296с.
2. Елшибеков С.К. Налогообложение в условиях социализации рыночной экономики; зарубежный опыт//Вестник Финансовой академии.-2010.-№1.- С.31-37.
3. Нурумов А.А. Налоговая система США// Журнал «Информационный бюллетень Министерства финансов Республики Казахстан, №10,1996.-С23-27.
4. Нурумов А.А. Все о налогах в развитых странах// Журнал «Информационный бюллетень Министерства финансов Республики Казахстан, №11,1997.-С.32-36.
5. Бекболсынова А.С. Особенности международного налогового планирования// Вестник КазУЭФМТ, №1-2,2012. –С.87-94.
6. Е.Б. Шувалова. Налоговые системы зарубежных стран: Учебное пособие. М.:Издательско-торговая корпорация «Дашков и К»,2010-124 с.
7. Амеллер М. Парламенты. Сравнительные исследования структуры и деятельности представительных учреждений 55 стран мира. М. Юрист,1997-368 с.

УДК 338.246

ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ «ҚАЗАҚСТАН – 2030» СТРАТЕГИЯСЫНА ҚОРЫТЫНДЫ

Көлбай Ақмарал Мырзалықызы

maral_13_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Жамиева А.Е.

1997 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің "Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты халыққа Жолдауында Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы ("Қазақстан – 2030" стратегиясы) белгіленді [1].

Қазақстанның даму стратегиясын 2030 жылға дейін анықтау келесі жағдайлармен түсіндіріледі:

Біріншіден, республикалық бюджетке түсетін кірістің үлкен бөлшегін мұнайдан түскен табыстар құрайды, ал ғылыми-техникалық болжау бойынша, 2030 жылға дейін мұнай

және газды жалпылай басқа энергия көздерімен ауыстыру байқалмайды және мұнайға баға тұрақты болады. Бұл экономикалық саясатқа неғұрлым дәл құруға мүмкіндік береді;

Екіншіден, отыз жыл бір ұрпақтың өмірінің әлеуметтік белсенді кезеңі;

Үшіншіден, демографиялық құбылыстар, жаңа капиталдың ұдайы дамуы, дамудың индустриалдық-техникалық кезеңдері де ескерілген. Әлемдік тәжірибе бойынша елдер атап айтқанда отыз жыл арасында елеулі нәтижеге жетеді [2].

Бұл Стратегия егеменді республиканы әлемнің ең қауіпсіз, тұрақты, экологиялық орнықты, экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерінің біріне айналдыруға бағытталған ұзақ мерзімді даму жолын айқындап берді.

Стратегияның негізгі экономикалық мақсаты — еліміздің халық шаруашылық құрылымын жайсыз экологиялық жағдайда бірыңғай шикі заттар өндіруден, экологиялық таза аграрлық-индустриалдық елдердің қатарына қосу.

Еліміздің 2030 жылға дейін даму стратегиясы Қазақстан Президентінің қойылған мақсаттарға жеткізетін келесідей жеті ұзақ мерзімді басымдықты іске асыру қажеттігін атап көрсетті. Ол басымдықтар төмендегідей жіктеледі:

Ұлттық қауіпсіздік. Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы. Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жылдар ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты. Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

Энергетика ресурстары. Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

Инфрақұрылым, әсіресе көлік және байланыс. Осы шектеулі секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетін етіп дамыту.

Кәсіби мемлекет. Ісінде адал әрі біздің мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтық өкілдері болуға қабілетті. Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

Бұл басымдықтар елдің дамуының орта және ұзақ мерзімді кезеңге арналған даму жоспарын қалыптастыру үшін негіз қалады. Қазақстанның 2030 жылға дейін даму стратегиясы келесі стратегиялық жоспарлар құру жүйесіне негізделеді.

— әр бес жылда анықталып отыратын 30 жылдық ұзақ мерзімді стратегиялық жоспар;

— ұзақ мерзімді жоспардың алғашқы кезеңдерін айқындау мақсатымен он жылдық даму жоспары;

— мемлекеттік органдарға деректі және міндетті сипаты бар бес жылдық стратегиялық жоспар;

— 1998 жылдан бастап министрліктердің және мекемелердің жұмыстарының жылдық стратегиялық жоспары [2].

Сонымен, даму стратегиясы төрт кезең бойынша іске асырылатын — бағдарлама құжаты:

I. 1998-2000 ж.ж. — алғашқы(нөлдік) кезең. Бұл кезеңде аралық мақсаттарға жету үшін және стратегиялық орындалуын тексеру арқылы тұрақсыздық даму сатысынан, тұрақты даму сатысына көшу жүзеге асырылды. Мысалы, жекешелендіру аяқтау 1998 жылдың

ортасын, қаржы секторын реформалау — 1998 жылы, төлем дағдарысын жою, ауыл кәсіпорындарын реформалау — 2000 жылдан бастап жүзеге асырылды.

II. 2001-2010 ж.ж. – Қазақстан Республикасының Президенті 2001 жылғы желтоқсанда бекіткен Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары "Қазақстан-2030" стратегиясын іске асырудың алғашқы онжылдық кезеңі болып табылады. Бұл кезеңнің міндеттері: жедел әлеуметтік (кедейлік, жұмыссыздық) мәселелерді шешу; еңбек — қаржы сыйымды өндірісті дамыту; инфрақұрылымды дамыту жабдықтарын іске қосу, т.б.

III. 2011-2020 ж.ж. – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары 2010 жылдан бастап 2019 жылды қоса алғандағы аралықты қамтитын "Қазақстан-2030" стратегиясын іске асырудың келесі кезеңі. Екінші кезең технологиялық өндіріске көшумен, адамдардың дамуына интенсивті инвестиция жұмсаумен, инфрақұрылымды жетілдірумен байланысты. Осы шаралардың арқасында келесі жетістіктер көзделіп отыр:

- интенсивті экономикалық өсу;
- қуатты жалпы ағарту потенциалды құру;
- демографиялық саясатты белсендіру;
- инфрақұрылымды жаңарту;
- экологиялық проблемаларға ерекше көңіл бөлу.

IV. 2021-2030 ж.ж. – үшінші кезең ғылым жетістіктерін кеңінен пайдаланатын өндірістерге жалпылай көшуді және экологиялық таза жан-жақты өндіріс кәсіпорындарына бет бұру, қазақстанның экспортқа шығаратын өнімдерінің түрлерін көбейтуді көздейді. Бұл кезеңде алдыңғы қатардағы әскери күш қалыптасады.

Стратегиялық жоспар – 2010-ды іске асырылудың аяқталу мерзіміне қарай және Стратегиялық жоспар – 2020-ны әзірлеу кезеңінде дамудың сыртқы жағдайлары елеулі өзгерістерге ұшырады. Қазақстан соңғы жетпіс жыл ішіндегі ең ауыр жаһандық дағдарысқа қарсы тұруға беттеді.

Экономикалық айналымның әсер етуі, бірінші кезекте, ағымдағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың ықпалы ұлттық экономиканың әлемдік немесе өңірлік дағдарыстардың келеңсіз салдарларына төтеп беруін арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажеттілігін анықтайды.

Елдің дағдарыстан кейінгі дамуы үшін жағдайлар жасайтын бірінші кезектегі шаралар іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға, елдің қаржы жүйесін нығайтуға және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға шоғырландырылады.

Экономиканың сапалы өсуі елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуына ықпал ететін физикалық инфрақұрылымды жаңғыртуға, адами ресурстарды дамытуға және институционалдық базаны нығайтуға негізделеді.

Әлеуметтік қорғалу, ішкі тұрақтылық және үйлестірілген сыртқы саясат мәселелері таяудағы онжылдықта елдің даму басымдықтарының қатарында сақталатын болады.

Өртарاپтандырылған экономиканың негізінде ел азаматтарының әл-ауқатын арттыру Стратегиялық жоспар – 2020-ны іске асырудың басты жетістігі болады.

Кесте1- «Қазақстан – 2030» стратегиясына SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданған уақыт аралығында халықаралық ұйымдарға мүше болуы мен төрағалық етуі (ЕҚЫҰ) 2. Стратегияның орындалуы тиісті мерзімінен бұрын нәтижелерге қол жеткізілуі 3. Ядролық қарудан алғаш бас тартуы және елдің қорғаныс қабілетінің күшеюі	1. Қоғамдағы әлеуметтік – саяси мәселелердің болуы 2. Халықтың жолдауды жүзеге асырудағы белсенділігінің төмен болуы 3. Республика мен облыстар арасындағы статистикалық ақпараттардың шынайы болмауы
Мүмкіндіктері	Сын – қатерлер

1. Еліміздегі пайдалы қазбаларды пайдалану арқылы дайын өнім өндіру үлесін арттыру 2. Алдыңғы қатарлы дамушы елдер қатарына қосылу мүмкіндігі 3. «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыру арқылы экономиканы одан әрі дамытып, тұрақтылыққа қол жеткізу 4. «ЕХРО – 2017» көрмесімен байланысты «жасыл» экономиканы іске асыру арқылы экологиялық мәселелерді шешу	1. Ұлттық валютамыздың девальвацияға бейім келуі 2. Әлемдік экономикада кара мұнайға деген бағаның төмендеп кету қаупі 3. Жер шарындағы экологиялық және саяси проблемалардың арту мәселесі
Ескерту: 1-кесте автормен құрастырылған.	

Нәтижесінде, **15 жыл** ішінде ұлттық экономиканың көлемі 1997 жылғы 1,7 триллион теңгеден 2011 жылы **28 триллион** теңгеге өсті. 1999 жылдан бастап Қазақстанның ІЖӨ-нің жыл сайынғы өсуі **7,6%**-ды құрап, алдыңғы қатарлы елдерді басып озды. Жан басына шаққанда ІЖӨ 1998 жылғы 1500 доллардан 2012 жылы **12 мың** долларға жетіп, 7 еседен астам өсті. Сыртқы сауданың – **12 есе** өсуіне, ал өнеркәсіп өнімін өндіру **көлемінің 20 есе** өсуіне қол жеткізді. 2012 жылдың қорытындысы бойынша ІЖӨ-нің көлемі жағынан **біз әлемнің 50 ірі экономикасының қатарына** кіреміз[3].

Сонымен қатар республикада «**үдемелі индустрияландыру**» бағдарламасы аясында 2010 жылдан бастап жалпы құны **1 797 млрд** теңге болатын **397 инвестициялық жоба** іске асырылды, **44 мыңнан** астам жұмыс орны ашылды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы іске асырылған екі жыл ішінде жалпы көлемі **101,2 млрд. теңге** сомасындағы кредит болатын **225 жоба** мақұлданды. Елімізге 160 млрд доллардан астам шетел инвестициясын тарттық. Орташа айлық жалақы **9,3** есе өсті. Зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері **10** есе ұлғайды. Халықтың нақтылы ақшалай кірістері **16** есе өсті. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен азаматтардың саны **7 есе азайды**, жұмыссыздар саны **екі есе қысқарды**.

Денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін оны ұйымдастыру, басқару мен қаржыландыру жүйесі реформаланды. Егер 1999 жылы денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 46 млрд теңгені құраса, 2011 жылы 631 млрд теңге болды. Денсаулық сақтаудың бес инновациялық объектісі - балаларды оңалту орталығы, Ана мен бала орталығы, нейрохирургия, шұғыл медициналық көмек және кардиология орталықтары кіретін **медициналық кластер** құрылды. Елдің барлық өңірлерінде сапалы медициналық қызметтер алу үшін қажетті жағдай жасалды. Еліміздің ең шалғай аудандарын медициналық қызметтермен қамтитын көлік медицинасы жедел қарқынмен дамуда. Ұлттық скрининг жүйесі ауруларды бастапқы сатысында анықтауға және олардың алдын алуға мүмкіндік береді. Дәрі-дәрмекпен тегін және жеңілдікті қамтамасыз ету енгізілді. Соңғы 15 жылда халықтың саны 14 млн-нан **17 млн.** адамға дейін өсті. Өмір сүру ұзақтығы **70** жасқа дейін ұлғайды. Соңғы бес жылда ана өлімі шамамен **3 есе азайды**, **бала туу көрсеткіші бір жарым есе өсті**[3].

Білім берудің мектепке дейінгіден бастап жоғары білімге дейінгі барлық деңгейлерін түбегейлі жаңғыртуға бағытталған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Соңғы 15 жылда білім алуға жұмсалатын қаржы 9,5 есе өсті.

«Балапан» бағдарламасын іске асыру балаларды мектепке дейінгі білім берумен **65,4%-ға** дейін қамтуға мүмкіндік берді. Міндетті мектепалды даярлық енгізілді, ол мектеп жасына дейінгі балалардың **94,7%-ын** қамтыды. 1997 жылдан бері республика бойынша **942 мектеп**, сонымен қатар, **758** аурухана және өзге де денсаулық сақтау нысандары салынды. Соңғы 12 жылда жоғары білім алуға берілетін гранттар саны **182%-ға** ұлғайды.

1993 жылы біз «Болашақ» атты бірегей бағдарлама қабылдадық, соның арқасында

8 мың талантты жас әлемнің таңдаулы университеттерінде озық білім алды. Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін заманауи ғылыми-зерттеу университеті құрылды.

Қазақстанның мұнай-газ кешені күллі экономиканың локомотиві болып табылады және басқа салалардың дамуына ықпалын тигізеді. Елдің ІЖӨ-де мұнай-газ саласы үлесінің тұрақты өсу қарқыны байқалады, ол 1997 жылғы **3,7%**-дан 2006 жылы **14,7%**-ға және 2011 жылы **25,8%**-ға өсті.

Инфрақұрылым, әсіресе, көлік пен байланысты дамытуға да көңіл бөлінді. Өткен жылдар ішінде өнеркәсіп, көлік инфрақұрылымы мен тыныс-тіршілік инфрақұрылымының ірі стратегиялық объектілері іске қосылды. Бұл - автомобиль және темір жол магистральдары, құбыр жолдары, логистикалық орталықтар, терминалдар, әуежайлар, вокзалдар, порттар және т.б. Осының барлығы көптеген қазақстандықтарға жұмыс тауып берді, өңірлік және жаһандық шаруашылық байланыстары жүйесіне кіріктірді. Соңғы 11 жылда автомобиль жолдары саласын дамытуға **1 263,1 млрд. теңге** жұмсалды. Осы жылдар ішінде ортақ пайдаланудағы **48** мың шақырымнан астам жол, сондай-ақ 1100 шақырым темір жол салынды және реконструкцияланды. Қазіргі уақытта «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» магистральдық көлік дәлізін салынып, Жаңа Жібек жолын жаңғыртуда[3].

Қорытындылай келе, бүгінгі күні біздің әрқайсымыз «Қазақстан – **2030» Стратегиясы іске асты, заманауи Қазақстан орнықты»** деп айта аламыз. Бұл - біздің бірлігіміздің, табанды да қажырлы еңбегіміздің нәтижесі, ұмтылыстарымыз бен үміттеріміздің жанды көрінісі.

Біз өз жетістіктеріміз үшін мақтаныш сезіміне бөленеміз. Әлемдік дағдарыс біздің мемлекет пен қоғам ретінде орныққанымызды растады. «Қазақстан – 2030» Стратегиясының бағыттары арқылы шекара тұрақталып, экономикалық және әлеуметтік ахуалдар жақсарғанын жоғарыда келтірілген сандық мәліметтер мен SWOT талдаудан байқауға болады. Енді біздің алдымызда **жаңа міндет** тұр. Біз мемлекетіміздің **ұзақ мерзімді** кезеңге бағдарланған «Қазақстан – 2050» стратегиясын жүзеге асыруға, одан **әрі даму векторын** күшейтуге тиіспіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U100000922>
2. <http://referatkaz.kz/қазақстан-2030-жылға-дейінгі-даму-страте/>
3. <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>

УДК 330.15

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Көлбай Ақмарал Мырзалықызы

maral_13_97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Экономика факультеті «Қаржы» мамандығының 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Слямова Б.И.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Стратегия-2050» атты Қазақстан халқына Жолдауында төмен көміртекті экономикаға көшуді жеделдетуге, «жасыл» экономикаға көшуге шақырды [1].

«Жасыл» экономика – бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған, сондай-ақ электр энергиясы өнімдерінің альтернативті (балама) көздерін пайдалануға негізделген бағдарламалардың жүзеге асуын қамтамасыз ететін экономика. «Жасыл» экономика (GEI) бойынша БҰҰ бастамасы 2008 жылы қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап ретінде бастау алып, БҰҰ Бас хатшысы және БҰҰ жүйесі басшыларының Үйлестіру кеңесі ұсынған тоғыз Бірлескен дағдарыс бастамасының бірі болып табылады [3].